

№ 1 педагогикалық кеңес
«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
« 2025-2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Өткізу күні: 2025 жыл 27 тамыз

Өткізу форматы: офлайн

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда мектеп қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысқандар– 19

Қатыспағандар – 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары мен жаңа нормативтік өзгерістер;
2. Жаңа оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының басым бағыттары;
3. Мектептің жылдық жұмыс жоспарын бекіту;
4. Ұйымдық-шаруашылық қызметі және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері;

ТЫҢДАЛДЫ:

1. . Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары мен жаңа нормативтік өзгерістер; Баяндамашы: Оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Абдрахманова.

Білім беру процесі жаңартылған білім мазмұнына сай ұйымдастырылады. Оқыту тұлғаға бағытталған, оқушылардың қабілеті мен қызығушылығына қарай сараланып жүргізіледі. Жаңа оқу жылында цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану, білім сапасын арттыру, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мәселелері назарға алынды.

Білім беру процесін ұйымдастыруда бүгінгі заман талаптарына сай жаңаша көзқарас қажет. Әсіресе, оқытудың тұлғаға бағытталған тәсілі, оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру басты назарда болуы тиіс. Оқу жылының басталуымен бірге жаңартылған білім мазмұнына сәйкес пәндік оқытуда жобалау, зерттеу және шығармашылық тапсырмаларға басымдық беру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру қағидаттарын сақтау, оқушылардың білім алуына тең мүмкіндік жасау, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану да өзекті болып отыр. Сабақ кестесінің оқу жүктемесіне сай жасалуы, білім сапасын арттыру мақсатында оқу үдерісін үнемі талдау және жетілдіру қажеттігі айтылды. Биылғы оқу жылындағы ҚР ОАМ әдістемелік-нұсқаулық хатын, жаңа нормативтік актілермен және бағдарламаларға шолу жасалды. Бұйрықтармен, әдістемелік-нұсқаулық хаттағы өзгерістерді мұғалімдерге

таныстырды. Мұғалімдерге оқу жүктемесі таныстырылып, берілген сағат саны айтылды. Мұғалімдер бірауыздан келісіп, тарификацияға қол қойылды.

2. Жаңа оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының басым бағыттары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мәселелері және оны іске асыру туралы.

Баяндамашы: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жаксыбаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – оқушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген, патриоттық, отансүйгіштік, адалдық, еңбекқорлық секілді қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған маңызды құжат. Бағдарлама 6 бағытты қамтиды, соның ішінде: Тәуелсіздік және отаншылдық, әділдік және жауапкершілік, бірлік және ынтымақ, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Осы бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, қоғамдық пайдалы жұмыстар, волонтерлік жобалар, пікірсайыс клубтары мен ұлттық мерекелерді ұйымдастыру ұсынылды. Сынып жетекшілері мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасар бұл бағытта нақты жоспарлармен жұмыс істеуі тиіс.

ЖИ-ні білім беру жүйесіне енгізу тәсілдері туралы

Баяндамашы: оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова

ЖИ технологияларын оқу процесіне енгізу – уақыт талабы. Автоматтандырылған бағалау, жеке оқу траекториясын қалыптастыру, цифрлық көмекшілерді пайдалану ұсынылды. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында курстар ұйымдастырылады.

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру жүйесіне енгізу – заманауи білім берудің басты бағыттарының бірі. Бұл бағытта бірнеше бастамалар қарастырылды:

- Сабақта ЖИ құралдарын пайдалану: Оқушылардың жеке оқу траекториясын бақылау, қателіктерін автоматты түрде талдау және кері байланыс беру үшін ЖИ негізіндегі платформаларды қолдану.

- Мұғалімдердің жұмысын жеңілдету: Электронды күнделік, автоматты бағалау жүйелері, оқу материалдарын саралау мен жекелендіру мүмкіндіктері қарастырылды.

- Қауіпсіздік мәселесі: ЖИ қолдануда этикалық және деректер қауіпсіздігі нормаларын сақтау қажеттігі ескерілді.

- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру: ЖИ-мен жұмыс істеу бойынша курстар мен тренингтер ұйымдастыру ұсынылды.

3. Мектептің жылдық жұмыс жоспары туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:

4. Ұйымдық-шаруашылық қызметі және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері туралы мектеп директоры А.Аксеитова тыңдалды:

Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, санитарлық нормалардың сақталуы, жаңа ас мәзірі туралы

Оқушылардың денсаулығын сақтау мен дамытуда дұрыс тамақтандырудың рөлі зор. Осыған байланысты:

- Мектеп асханасында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың толық сақталуы тексерілді.
- Жаңа оқу жылында тамақтандыру мәзірі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес жаңартылды.
- Ас мәзіріне дәруменге бай, балалардың жас ерекшелігіне сай тағамдар енгізілді.
- Тамақ сапасына бақылау жүргізу мақсатында ата-аналар комитетінің қатысуымен комиссия құру ұсынылды.
- Арнайы медициналық қызметкер мен медбикенің бақылауымен оқушылардың тағамға қатысты шағымдары мен аллергиялары ескерілетін болады.

Мектеп асханасы санитарлық талаптарға сай жұмыс істейді. Жаңа ас мәзірі жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңартылды. Ата-аналар комитеті мен медбике тарапынан тұрақты бақылау жүргізіледі. Тамақ сапасы мен гигиеналық жағдай қатаң назарда болады.

«Педагог мәртебесі туралы» Заң аясында мұғалімдердің құқықтары мен міндеттері нақты айқындалған. Осы кеңесте педагогтың келесі міндеттері баса айтылды:

- Оқыту: Білім берудің сапасын арттыру, оқушының танымдық қызығушылығын дамыту, пәнге деген қызығушылығын ояту, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану.
- Тәрбиелеу: Тек білім берумен шектелмей, оқушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ұлттық тәрбие беру, отбасымен және қоғаммен тығыз байланыста жұмыс жасау.
- Мұғалім мәртебесін көтеру үшін әр педагог кәсіби дамуға ұмтылып, өз пәні мен әдістемесін жетік меңгеруі тиіс.
- Мұғалімдердің еңбегін бағалау, оларға қолайлы еңбек жағдайын жасау, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік беру – мектеп әкімшілігі мен қоғамның ортақ міндеті.

Педагог мәртебесі туралы заңға сәйкес мұғалімдер құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Мұғалім тек білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмысына да белсенді араласуы тиіс. Әр ұстаз кәсіби дамуға, шығармашылық ізденіске ұмтылып, жауапкершілікті сезінуі қажет.

2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басым бағыттары туралы

Шешім:- «2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алынсын;

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін;

- білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау

қағидаларын бекітілсін;

- білім беру процесінде жасанды интеллекті технологияларын қолдануды қамтамасыз ету, ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалар мен стандарттарын сақталуын реттейтін мектепішілік құжатты әзірлеп, бекіту.

- білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдансын;

- мектеп әкімшілігінің міндеті мектептің негізгі міндеттері: білім беру сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту болып белгіленсін.

Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы

ШЕШІМ:

- мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;

- мектептің оқу жұмыс жоспары, оқу жүктемесі (тарификация), сабақ кестесі, мектепті дамыту жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары, мектепішілік бақылау жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары және т. б. бекітілсін.

- жауапты тұлғалар бекітілген жоспарлардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.


Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы ШЕШІМ:

- мектеп әкімшілігінің қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірленсін;

- директордың әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары нұсқау өткізу, өртке қарсы қауіпсіздіктің жай -күйін және бейнебақылау жүйесін тұрақты тексеруді қоса алғанда, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын;

- директордың әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары және медицина қызметкері (келісім бойынша) мектепте санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етсін;

Кеңес төрайымы:  А.Аксеитова

Хатшы:  А.Жаканова



Аксеитова Айнаш Балтабаевна
Абдрахманова Сакып Константиновна
Жаксыбаева Айгуль Каирбековна
Куц Елена Анатольевна
Асылбеков Тамирлан Жанарбекович
Кабдешова Мадина Варысовна
Смагулова Меруерт Шаймерденовна
Сарсембаева Динара Копешовна
Хурман Бакболат
Жамышев Асхат Ботанович
Қабдеш Нариман Елдесұлы
Набиева Диана Қайратқызы
Смагулов Есен Жамышевич
Асанов Асан Жанатович
Жаканова Айгуль Азимжановна
Шокыбаева Асылзада Казистаевна
Досмагамбетова Жадра Жаналыновна
Хахтай Гульжазира
Шокубасова Айсулу Мухтаровна
Хаметова Аида Амангельдиевна
Қабдеш Рауия Елдесқызы

